


«Келісемін»
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
М.М.Боранбаева



«Бекітемін»
Мектеп директорының м.а.
Ш.М. Айтжанова



**«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі» КММ
«Тоғызқұмалақ» секция жұмысының
жылдық жоспары
2024-2025 оқу жылы**

Спорттық ойын

Дене шынықтыру пәні мұғалімі: Мұхтаров М.Д.

Күнтізбелік жоспар
«Тоғызқұмалақ»
2024-2025 оқу жылы

бейсенбі 15.40-16.40

№	Тақырыптар	C/c	Мерзімі
1	Тоғызқұмалақ ойынның тарихы	1	05.09
2	Ойын ережесі мен ерекшеліктері	1	12.09
3	Тоғызқұмалақ тақтасы	1	19.09
4	Тоғызқұмалақ ойынның мақсаты мен маңызы	1	26.09
5	Ойынның басталуы Ойын негіздері	1	03.10
6	Жүрістерге түсінік ашық, жабық отау Жүрістердің саның есептеу жолы	1	10.10
7	Жәй және табысты жүріс .Тактикалық тәсілдер	1	17.10
8	Жүрістердің дәлділігін есептеу жолдары	1	24.10
9	Ойынды жазып ойнау тәртібі	1	09.11
10	Тұздық алу тәртібі	1	14.11
11	Атсырау	1	21.11
12	Байлау қою	1	28.11
13	Айырбасқа шақыру	1	05.12
14	Отауларға шабуыл жасау	1	12.12
15	Нотация . Нотация түсініктемесі	1	19.12
16	Этюдтерді шешу	1	26.12
17	Ойынның ортасы	1	09.01
18	Өткен ойынды талдау	1	16.01
19	Отаудағы құмалақтарды өрбітете білу	1	23.01
20	Ереже бойынша ойнау.	1	30.01
21	Жолдастық кездесу.	1	06.02
22-23	Көк мойын бастамасы	2	13.02 / 20.02
24	Зайсан бастамасы	1	27.02
25-26	Қырғызша қорғаныс	2	06.03 / 13.03
27	Партияны талдау	1	20.03.
28	Тектұрмас бастамасы	1	03.04
29	Ат өтпес бастамасы	1	10.04
30-31	Бел басар бастамасы	2	17.04 / 24.04
32	Классикалық вариант	1	08.05
33-34	Гамбит түрлері	2	15.05 / 22.05
Барлығы:		34	

Тренер Мұхтаров М.Д. Мұхтаров М.Д

ТҮСІНІК ХАТ

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңын, Елбасының «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» бағдарламасын, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын басшылыққа ала отырып, ұлттық ойын арқылы жас жеткіншектің ақыл-ойын, патриоттық санасын, елжандылық пен рухани қасиеттерін дамыту.

Әлемнің түкпір-түкпірінде адамзаттың қолымен, ақыл-ойымен жасалған зияткерлік ойындар мыңдап саналады. Бүгінгі таңда дүниежүзінде зияткерлік ойындарды дамыту, өркендету маңызды ие болып отыр. Өйткені, жеке тұлғаның біліктілік қасиеттері осындай ойындар арқылы шыңдала түседі. Зияткерлік ойындар да – ой шығармашылығын дамытатын спорт түрі.

Сондай зияткерлік ойындардың бірі тоғызқұмалақ - әлемдік мәдениеттің озық үлгілері мен бой теңестіре алатын рухани ойын, қисындық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті – адам санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтын осы ойынның өзі дәлел бола алады. Жасөспірімдердің дене күшінің мол болуымен қатар ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан.

Осы мақсатта дене шынықтыру пәнінен жалпы білім беретін мектептің 3-4 сыныптарына арналған оқу бағдарламасында ұлттық ойындарға соның ішінде тоғызқұмалақ ойынына сағаттың бөлінуіне байланысты «Тоғызқұмалақ» ойынын оқытудың әдістемесі негізінде арнайы бағдарлама құрылды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – оқушыларды туған халқының әдет-ғұрпы мен дәстүрін зерделеуге ынтасын ояту, ұлттық спорт түрі – тоғызқұмалақ ойыны арқылы оқушылардың зияткерлік қабілетін дамыту, тарихқа құрметпен қарауға, адамгершілік пен салауатты өмір салтының негіздерін берік қалыптастырған азаматты тәрбиелеу.

Бағдарлама 3-4 сыныптарға жалпы 34 сағатқа құрылған. Сонымен қатар, ойынның шығу тарихы, қағидасы мен заңдылықтары, әр тақырыпқа арналған сабақ жоспарлары, жарыс өткізу тәртібі енгізілген. Сабақ жоспарларында «Тоғызқұмалақ» ойыны туралы түсінік беріліп, отауларына, тоғызқұмалақ әліппесі мен жазып ойнау тәртібіне, ойынның тактикалық тәсілдеріне, теориясы мен кодексіне, эпитеттеріне тоқталған. Бағдарламада әр тараудан соң практикалық, қайталау, ойын сабақтары түрінде бекітілген.

Бағдарламада тек сабақты жүргізу әдістемесіне ғана емес, сонымен қатар «Тоғызқұмалақ» ойыны бойынша жарыс өткізу тәртібіне, ондағы ойынның жүйесіне, жарысқа қатысушылар мен жарыс ұйымдастырушыларының міндеттеріне, жеребе өткізу тәртібіне, ойын нәтижелерін есептеуге және жарыс құжаттарына тоқталып өткен. Бұл да пән мұғалімдеріне арналған көмекші әдістеме.

Тарихы

Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғыз-құмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын.



Тоғыз-құмалақ

Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде тоғыз-құмалақ жақсы насихатталып жатыр. Мәселен, Қырғызстанда мектептерде тоғыз-қоргоолдан олимпиада өтеді екен. Қытайда, Қарақалпақстанда кітаптар, ғылыми еңбектер шығуда. Сондай-ақ, көршілес Алтайда, Қарашай-Шеркеште, Сахада үйірмелер

ашылып, Еуропаның бірнеше елдерінде тоғыз-құмалақ ойналып жатыр деген дерек бар. Қазір әлемде тоғыз-құмалаққа ұқсас мысырлық *калах*, Моңғолияда *эсон коргоол*, Шри-Ланкада *олинда калия*, африкалықтарда *манкала*, *габата*, *абапа*, *нам-нам*, *бао*, *тамподуо*, *омвесо*, *маработ*, тұрақты америкалықтарда *аджи-бото*, *варри роунд* және *роунд*, азиялықтарда *сунгка*, *паллангули*, *гонгкак* сынды ойындар бар. Мәселен, Африкадағы Уганда елінің *омвесо* деген ұлттық ойыны бар. Оның тоғыз-құмалақтан ерекшелігі отау саны көп (32 отау) те бірақ құмалақ саны аз (64 құмалақ). Осы ойынды угандалықтар әлемдік интеллектуалдық ойындардың қатарына кіргізіп, одан жыл сайын біресе Америкада, біресе Англияда олимпиадалар өткізеді екен. Немесе Шри-Ланканың *манкала* типіндегі жеті отаулық *олинда калия* ойын түрін алайық. Белгілі тоғыз-құмалақ маманы Мақсат Шотаевтың айтуынша, қазір бұл ойын, Интернет арқылы жедел дамып келе жатыр.

Қазақстанда

Қазіргі таңда республикада оның жеке қауымдастығы бар, облыс орталықтарында тоғыз-құмалақты үйренемін деушілерге қауымдастықтың бөлімшелері мен үйірмелері ашылған. Бүгінде Қазақстанда осы жұмыстардың ұйытқысы болып отырған танымал бірнеше азаматтар бар. Солардың ішінде тоғыз-құмалақ федерациясының президенті Әлихан Байменов, вице-президенті Сардар Шәріпов пен «Таңғажайып тоғыз-құмалақ» кітабының авторы, тоғызқұмалақтан мемлекеттік жаттықтырушы Мақсат Шотаев деген азаматтардың есімін атау тұрарлық. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері тоғыз-құмалақ жылдан-жылға дамып келеді. Бұл жерде жаңа құрылған тоғыз-құмалақ федерациясының ықпалы зор болып отыр. Бүгінгі таңда осы қауымдастықтың арқасында елдің түкпір-түкпірінде үйірмелер ашылып, тоғыз-құмалақтан жарыстар жиі өткізіліп келеді.

4-7- сыныптарға арналған «Тоғызқұмалақ» ойынын оқыту әдістемесі

Максаты: мектеп бағдарламасында ұлттық ойынды насихаттауда тоғызқұмалақ зияткерлік спорт ойыны арқылы оқушылардың ақыл-ойын шыңдап, ми қызметін жетілдіру. Сондай-ақ мұның тек ұлттық бағытта емес, жалпы әлемдік деңгейде де маңызы өте зор екенін оқушы бойына сіңіру. Тоғызқұмалақ ойынын үйрету арқылы оқушыдан өзінің күнделікті нақты жоспарын құра алатын, дүниеге көзқарасы мол, жетілген тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- Балалар ағзасын дұрыс дамыту және денсаулығын нығайту; есте сақтау, логикалық ойлауын дамыта және тәрбиелей, келешекте тоғызқұмалақпен айналысатын дарынды балаларды іріктеу.
- Бастапқы дайындық кезеңінің негізгі міндеттері ақыл-ой қабілеттерін дамытуға, есте сақтау, логикалық ойлау, сараптаушылық пен интуициялық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған тоғызқұмалақ ойынының спорттық дайындық жүйесіне балалар мен жасөспірімдерді барынша көп тарту;
- өздігінше ойлау қабілетін тәрбиелеу, жалпы дене дайындығы және тоғызқұмалақ ойынының негізгі техникасын меңгерту, жеке тұлғаның еріктік және адамгершілік-этикалық қасиетін арттыру;
- салауатты өмір салтына үгіттеу, денсаулығын нығайту және жасөспірімдердің денесінің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету.
- оқушының рухани байлығы мен мәдениетінің дамуына тоғызқұмалақ ойыны арқылы әсер ету.

Өзектілігі:

Еліміздің көркейіп, ұлтымыздың салт-дәстүрлері қайта жаңғырып жатқанда, ұлттық мұра дастандарымызды кейінгі ұрпаққа насихаттау. Қазақ өмірінің тереңінен суарылған талай дәстүрі мен мәдени қазынасы халқымыздың саналы ғұмырында сақталып, ертеден бүгінге жетті. Қазір сол көмескіленіп қалған дүниемізді қайта жаңғыртып, келешек ұрпақтың алдында таныстыру. Қазіргі замандағы ұлттық ойындардың зияткерлік өнері маңызын түсіну.

Тоғызқұмалақ ережесі

Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тактада екі адам арасында ойналады. Ойын тактасы — 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі. Ал ашқы жүріс жасаған ойыншыны — бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны — қостаушы деп атайды. Кейде бастаушы үшін — ақ жағы, қостаушы үшін — кара жағы деген тіркестерді де қолданамыз. Тактаның жазу үлгісіндегі жалпы құрылысы төмендегідей:

отаулар	№9	№8	№7	№6	№5	№4	№3	№2	№1	
	9	9	9	9	9	9	9	9	9	Қостаушы қазаны (0)
	9	9	9	9	9	9	9	9	9	Бастаушы қазаны (0)
отаулар	№1	№2	№3	№4	№5	№6	№7	№8	№9	

Берілген диаграммаларда бастаушының отаулары мен ондағы құмалақтар мөлшері үнемі төменгі жағында орналасады.

Жүріс жасау ерекшеліктері

Жүріс ойыншылар тарапынан кезектесіп жүріледі. Жүрісті кімнің жасайтыны жеребемен немесе қарсыластардың келісімімен анықталады.

1. Жүріс жасау үшін өз жағыңыздағы отаулардың бірінен біреуін орнына қалдырып, қалған құмалақтарды қолға алып, солдан оңға қарай бір-бірлеп таратамыз. Тарату сәтінде құмалақтар өз отауларымыздан асып кететін болса, қарсыластың отауына таратамыз. Егер соңғы құмалақ қарсыластың тақ санды құмалағы бар отауына түсіп, ондағы құмалақтарды жұп қылса (2, 4, 6, 10, 12), сол отаудағы құмалақтар ұтып алынып, өз қазанымызға салынады. Егер соңғы құмалақ қарсыластың жұп санды құмалағы бар отауына түсіп (3 құмалақтан басқа), тақ қылса немесе өз отауымызға түссе, құмалақ ұтып алынбайды. Мәселен, жоғарыдағы тактадағы алғашқы жағдайда бастаушы №3 отаудағы 9 құмалағын таратса, соңғысы қарсыласының №6 отауына барып түседі және ондағы 9 құмалақ соңғы құмалақпен 10 болып, ұтып алынады және қазанға салынады.

Сол кезде тактада төмендегідей жағдай қалыптасады.

отаулар	№9	№8	№7	№6	№5	№4	№3	№2	№1	
	9	9	9	—	10	10	10	10	10	(0)
	9	9	9	9	9	9	1	10	10	(10)
отаулар	№1	№2	№3	№4	№5	№6	№7	№8	№9	

2. Отаудағы жалғыз құмалақ көрін отауға жүргенде орны бос қалады.

Тұздық алу ережесі

Тоғызқұмалақ ойынында құмалақтан басқа ойында бір рет қарсыластың отауын ұтып алуға да болады. Оны ежелде – “тұзды үй”, қазіргі тілде – тұздық деп атайды.

- 4. Тұздық алу үшін жүріс жасаған кезде, қарсыластың екі құмалағы бар отауына таратқан құмалағыңыздың соңғысын түсіру керек. Сонда сол отауда қалыптасқан 3 құмалақпен бірге отау да ұтып алынып, ойынның аяғына дейін сіздің меншігіңізге айналады. Енді жүріс жасалған сайын тұздық алынған отауға түсетін бір құмалақ, міндетті түрде сіздің қазаныңызға салынып отырады.

Тұздық алынған отауға арнайы белгі қойылады. Жазбаша түрде – X деген шартты таңбамен белгіленеді. Мәселен, төмендегі диаграммаға қарайық.

отаулар	№9	№8	№7	№6	№5	№4	№3	№2	№1	
	–	10	10	1	11	11	11	11	11	(0)
	10	10	10	10	10	10	2	11	1	(12)

отаулар №1 №2 №3 №4 №5 №6 №7 №8 №9

Осы жағдайда қостаушы ойыншы №7 отаудағы 10 құмалағын тарату арқылы, соңғы құмалағын бастаушының №7 отауына түсіріп, ондағы 2 құмалақты үшеу етіп, осы құмалақтарды ұтумен қатар, осы отауға тұздық жариялайды. Сонда төмендегі жағдай қалыптасады.

отаулар	№9	№8	№7	№6	№5	№4	№3	№2	№1	
	1	11	1	1	11	11	11	11	11	(3)
	11	11	11	11	11	11	X	11	1	(12)

отаулар №1 №2 №3 №4 №5 №6 №7 №8 №9

Ендігі кезде бүкіл ойын барысында №7 отау – қостаушының меншігіне айналады.

5. Тұздық ойында бір рет алынады және №9 отаудан ешқашан алынбайды.

6. Тұздық аттас отаулардан алынбайды.

Мысалы, жоғарыдағы диаграммадағы жағдайда қостаушы ойыншы №7 отаудан тұздық алды, енді бастаушы ойыншы ойын барысында бұл отаудан тұздық алуға қықысы жоқ.

“Атсырау” ережесі

Ойын аяқталуға жақындаған сайын әр ойыншының отауларындағы құмалақ таусыла бастайды. Әр құмалақ ұтып алынған сайын немесе тұздыққа түскен сайын қарсыластардың жүріс мөлшері кемі береді. Сондықтан ойын соңында қарсыластардың бірінің отауларында жүріс жасай алмайтын жағдай да кездеседі.

7. Ойыншылардың бірінің отауларындағы құмалақты бірінші таусып алып, жүріссіз қалуы – атсырау деп аталады.

8. Атсырауға ұшыраған ойыншының қарсыласы бұл жағдайда қосымша бір жүріс жасап, барлық құмалақтарды өз қазанына салып алады. Мысалы:

отаулар №9 №8 №7 №6 №5 №4 №3 №2 №1

1 1 1 X 1 – – – – (78)

– – – – – – X – 4 (76)

отаулар №1 №2 №3 №4 №5 №6 №7 №8 №9

Осы тактадағы жағдайда жүріс бастаушыдан. Ол №9 отаудағы 4 құмалағын таратады. Өз кезегінде қостаушы №1 отауға түскен 1 құмалақты жүреді. Бастаушы №9 отаудағы жалғыз құмалақты 1 отауға салады. Қостаушы кез келген отаудағы құмалақпен, мәселен, 1 отаудағы 1 құмалақпен жүріс жасайды. Сонда төмендегіше жағдай туындайды:

отаулар №9 №8 №7 №6 №5 №4 №3 №2 №1

1 1 1 X 1 – 1 3 – (78)

– – – – – – – – – (76)

отаулар №1 №2 №3 №4 №5 №6 №7 №8 №9

Енді қостаушы отауларындағы 8 құмалақты қазанына салып, ойынның есебін жүргізеді.

Есеп 76-86. Қостаушы ұтты.

9. Егер “атсырау” жағдайында қосымша жүріс жүрілген кезде, құмалақтар амалсыздан қарсыластың отауларының біріне түсіп, жүріс беретін болса, ойын әрі қарай жалғаса береді. Сонымен қатар ойыншы ойын барысында 82 құмалақ жинаса да, нәтиженің дәлдігі үшін ойынды соңына дейін ойнауы тиіс.^[1]